

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 29-VIII ҚРЗ.

2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбеде жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісім ратификацияланын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар немесе мүше мемлекеттер деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (бұдан әрі - ҰҚШҰ немесе Ұйым) мүше мемлекеттер

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты, 2002 жылғы 7 қазандығы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Жарғысын басшылыққа ала отырып,

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді бірлесіп шешуі кезінде, сондай-ақ жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шаралары барысында оларды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелерін құқықтық реттеу қажеттігін негізге ала отырып.

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру кезінде Тараптардың өзара іс-қимыл жасау мәселелерін реттейді.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

материалдық құралдар - ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын өнім. Материалдық құралдарға қару-жарақ, оқ-дәрілердің барлық түрлері, отын (жанаармай), азық-түлік, заттай, инженерлік, медициналық және

басқа да мүліктің тұрларі жатады. Материалдық құралдар жалпыәскери және арнайы болып бөлінеді;

материалдық құралдар қорлары - мүше мемлекеттердің қарулы құштері мен арнайы мақсаттағы құштері құралымдарының арсеналдарында. сақтау базалары мен қоймаларында, сондай-ақ тікелей бөлімшелерде күтіп ұсталатын қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, отынның (жанармайдың, майдың, жағармай материалдарының және арнайы сұйықтықтардың), азық-тұліктің, инженерлік, заттай, медициналық және басқа да әскери мүліктің белгілі бір мөлшері. ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық құштерінің) құралымдары үшін материалдық құралдардың қорлары тиесілігі бойынша жедел және әскери болып бөлінеді;

материалдық-техникалық қамтамасыз ету - қару-жақақ, әскери және арнайы техника (бұдан әрі - ҚӘАТ), зымырандар, оқ-дәрілер, жанармай, азық-тұлік, заттай, әскери-техникалық мүлік және басқа да материалдық құралдар қорларын талап ету, жинақтау, сақтау (күтіп ұстау) және эшелондау; құралымдар мен материалдық құралдарды жеткізуді ұйымдастыру; көлік коммуникацияларын дайындау, пайдалану, техникалық бүркемелеу және қалпына келтіру; ҚӘАТ-ны пайдалану; зақымданған (ақаулы) ҚӘАТ-ны қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені;

медициналық қамтамасыз ету - жеке құрамның денсаулығын сақтау және нығайту, оларға уақтылы медициналық көмек көрсету, жұмыс және жауынгерлік қабілетін қалпына келтіру мақсатында әскери бөлімдердің қолбасшылығы, әскери-медициналық бөлімшелер, бөлімдер мен ұйымдар жүзеге асыратын ұйымдастырушылық, медициналық, оның ішінде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) сипаттағы шаралар кешені;

емдеу-эвакуациялау іс-шаралары - жараланғандар мен науқастарға медициналық эвакуациялаудың әртүрлі кезеңдерінде оларды Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдарына (денсаулық сақтау ұйымдарына), ал осы өнірде Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдарына) болмаған кезде ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдарға (денсаулық сақтау ұйымдарына) эвакуациялаумен үйлестіріле отырып, медициналық көрсетілімдер бойынша (мақсаты бойынша) және ахуалдың нақты шарттарына сәйкес жүргізілетін жүйелі және сабактас емдеу іс-шаралары кешені ;

санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар - сыртқы орта факторларының, жауынгерлік қызметтің (ахуалдың) әскери қызметшілердің денсаулығына зиянды ықпал етуін жоюға немесе азайтуға, инфекциялық, жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланудың, зақымданудың) пайда болуы мен таралуын болғызбауға және оларды жоюға бағытталған шаралар кешені;

медициналық эвакуация - тасымалдау уақытында медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде медициналық жабдықты қолдана отырып

жүргізумен өмір мен денсаулықты сақтау мақсатында жараланғандар мен науқастарды тасымалдау;

медициналық қызметтің күштері мен құралдары - ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) топтарын медициналық қамтамасыз етуге арналған жеке құрам, медициналық техника мен мұлік, медициналық әскери бөлімдер мен бөлімшелер;

әскери автомобиль жолдары (ӘАЖ) - ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) контингенттерінің қозғалысы үшін дайындалған, оларда жолмен қамтамасыз ету және коменданттық қызмет күштері мен құралдары көрсетілген жолдар;

техникалық қамтамасыз ету - ҚӘАТ әскерлерін (қүштерін) әскери-техникалық мұлікпен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені, сондай-ақ оларды дұрыс пайдалануды ұйымдастыру, зақымданған ҚӘАТ-ны қалпына келтіру, жеке құрамды арнайы және техникалық даярлауды жүргізу;

қару-жарақ, әскери және арнайы техника (ҚӘАТ) - әртүрлі қару түрлерінің және оны жауынгерлік қолдануды қамтамасыз ету құралдарының кешендері, оның ішінде зымырандар, оқ-дәрілер, жеткізу құралдары, бағыттау, іске қосу, басқару жүйелері, сондай-ақ ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) құралымдарын жарактандыруға арналған арнайы техника және басқа да арнайы техникалық құралдар;

әскери-техникалық көмек - көрсетілген Тарапқа агрессия актісін жасау қатері туындаған не БҮҮ Жарғысының 51-бабына сәйкес Тарап өзінің жеке-дара немесе Ұжымдық қорғану құқығын қолданған, не Тарап терроризм актілерінің обьектісіне айналған, не егемендік пен аумақтық тұтастыққа басқа да қатер төнген жағдайда, сондай-ақ мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бейбіт уақытта Тараптың (Тараптардың) қарулы қүштері мен басқа да құралымдарының жауынгерлік өзірлігін қолдау және қалпына келтіру мақсатында әскери мақсаттағы өнімді өтеусіз немесе өзге де женілдікті негізде беру;

техникалық қамтамасыз ету қүштері мен құралдары - ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) құрамына кіретін құрамаларда, әскери бөлімдер мен техникалық қамтамасыз ету бөлімшелерінде бар жеке құрам, қару-жарақ пен әскери техникаға қызмет көрсету, эвакуациялау, жөндеу және сақтау құралдары, сондай-ақ зымырандардың, оқ-дәрілер мен әскери-техникалық мұліктің қорлары, оларды сақтауға, қызмет көрсетуге және тиегірдің жүргізуға арналған құралдар;

тылдық қамтамасыз ету - ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық қүштерін) ұдайы жауынгерлік өзірлікте ұсташа мақсатында олардың материалдық, көліктік, тұрмыстық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралар кешені;

құралымдар - Тараптардың ұлттық қарулы қүштері және басқа да әскерлері құрамынан бөлінген бірлестіктер, құрамалар, әскери бөлімдер мен бөлімшелер, ішкі істер (полиция) органдарының, ұлттық ұланның, ішкі әскерлердің, қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтердің, сондай-ақ Тараптардың төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және оларды жою саласындағы уәкілетті органдарының арнайы

мақсаттағы бөлімшелері (мамандар топтары) қатарынан ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) құрамына бөлінген арнайы мақсаттағы күштердің құралымдары;

материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді басқару органдары - ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының қолбасшылығы, сондай-ақ Тараптардың ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуге басшылық жасауға арналған ұлттық қарулы күштерді, өзге де әскерлерді, әскери құралымдарды, құқық қорғау органдарын және арнайы қызметтерді материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді басқаруды жүзеге асыратын басқару органдары;

материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етудің әскери және азаматтық инфрақұрылым объектілері - ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету міндеттерін шешу мүддесінде Тараптар пайдаланатын немесе пайдалануды жоспарлаған материалдық құралдардың арсеналдары, базалары, қоймалары, КӘАТ жөндеу жөніндегі өнеркәсіптік кәсіпорындар, басқа да объектілер;

коммуналдық-пайдаланушылық қамтамасыз ету - ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) құралымдарына коммуналдық қызметтердің барлық түрлерін ұсынуды, оларды жиһазбен, далалық жылыту құралдарымен, қатты отынмен, басқа да пәтер-пайдалану мүлкімен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешені;

қабылдаушы Тарап - аумағында өзінің ресми өтінішіне сәйкес қойылған міндеттерді орындау үшін жіберуші Тараптардың құралымдары уақытша орналастырылатын Тарап;

жіберуші Тарап - қойылған міндеттерді шешу үшін қабылдаушы Тараптың өзінің ресми өтінішіне сәйкес оның аумағына уақытша жіберілген құралымдар тиесілі Тарап;

транзиттік Тарап - қабылдаушы немесе жіберуші Тараптың аумағында жол жүру кезінде аумағы арқылы құралымдар өтетін Тарап.

3-бап

Тараптар ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы бір типтегі және/немесе үйлесімді ұлгілерімен, сондай-ақ материалдық құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған келісілген әскери-техникалық саясатты жүргізеді.

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын қару-жаракпен, әскери және арнайы техникамен, материалдық құралдармен қамтамасыз етуді Тараптардың ұлттық заннамаларына сәйкес Тараптар өз қаражаты есебінен, Ұйым форматында немесе екіжақты форматта іске асырылатын нысаналы мемлекетаралық бағдарламалар шенберінде осы мақсаттарға бөлінген қаражат есебінен, сондай-ақ Тараптар келісілген көлемде бір-біріне көрсететін әскери-техникалық көмек есебінен дербес жүзеге асырады.

4-бап

ҰҚШҰ Корғаныс министрлері кеңесі және Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитеті ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық қүштерін) материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, оның ішінде бірыңғай есеп айырысу-жабдықтау бірліктерін біріздендіруге, материалдық құралдар қорларын жинақтау нормалары мен эшелондау тәртібіне қатысты бірыңғай тәсілдерді айқындайды.

ҰҚШҰ Корғаныс министрлері кеңесіне және Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитетіне тиісті ұсыныстар дайындауды ҰҚШҰ Біріккен штабы және ҰҚШҰ Хатшылығы Тараптармен бірлесіп жүзеге асырады.

5-бап

Тараптардың аумақтарында ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) топтарын өрістетуді материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жоспарлауды ҰҚШҰ Біріккен штабы ҰҚШҰ Хатшылығымен және Тараптардың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп жүзеге асырады.

Тараптардың аумақтарында ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) топтарын (оның ішінде жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шаралары барысында) қолдануды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жоспарлауды ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) топтарының қолбасшылығы жүзеге асырады.

6-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) топтарының қолданылуын материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) топтарының қолбасшылығы ұйымдастырады және топтардың құрамына Тараптар бөлгөн материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету қүштерімен және құралдары мен жүзеге асырылады.

7-бап

ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық қүштерін) материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді Тараптар дербес жүзеге асырады. ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық қүштерін) жіберуші Тараптың материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуі қызын болған жағдайда, ол қабылдаушы немесе басқа Тарап ресурстары есебінен олардың арасындағы уағдаластықтар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Берілген материалдық құралдардың орнын толтыру мүліктік немесе қаржылай өтеу арқылы, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу - жасалған шарттарға сәйкес берілген

материалдық құралдар мен көрсетілетін қызметтер үшін есепке алу деректерін кейіннен салыстыруды және өзара есеп айырысуды жүргізе отырып, қаржылай өтеу арқылы жүзеге асырылады.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кенесінің Тараптардың бірінің аумағында ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) топтарын қолдануға шешім қабылдауына байланысты ҰҚШҰ әскерлеріне (Ұжымдық қүштеріне) арналған материалдық құралдардың қорлары қабылдаушы Тараптың материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етілуінің әскери және азаматтық инфрақұрылымы объектілерінде орын ауыстыруы және оларда орналастырылуы мүмкін. Бұл ретте осы объектілерді пайдалану тәртібі 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің қүштері мен құралдары құралымдарының мәртебесі туралы келісімде айқындалады.

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) топтарын өрістетуді және қолдануды материалдық құралдар қорларымен қамтамасыз ету тәртібін ҰҚШҰ Қорғаныс министрлерінің кенесі және Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының комитеті айқынрайды.

Қайта топтастыру барысында әуе кемелеріне жанармай, жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды құюды транзиттік Тараптың және (немесе) қабылдаушы Тараптың қүштері мен құралдары олардың қажетті мөлшерін көрсете отырып, кейіннен әуе кемесінің иесі Тарап пен жанармай, жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды берген және оларды құю жөнінде қызмет көрсеткен Тарап (Тараптар) арасында өзара есеп айырысу арқылы алдын ала хабардар ету негізінде (егер өзге тәртіп басқа келісімдерде немесе уағдаластықтарда айқындалмаса) жүргізеді.

Берілген жанармай, жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтар туралы есепке алу деректерін салыстырып тексеруді Тараптар олар берілген күннен бастап 60 тәулік ішінде жүзеге асырады. Көрсетілген материалдық құралдар мен оларға май құю бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді (толықтыруды) Тараптар олар берілген және қызметтер көрсетілген күннен бастап 180 тәулік ішінде жүзеге асырады.

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) контингенттерін қайта топтастыру барысында олар теміржол көлігімен жүрген кезде оларды ауызсумен, шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін сумен және отынмен (және/немесе қатты отынмен) қамтамасыз ету транзиттік станцияларда жүргізіледі және аумағы арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын Тарапқа жүктеледі.

8-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) құралымдарының қару-жарагын, әскери және арнайы техникасын және басқа да материалдық құралдарын түсіруді (тиеуді), оларды

келу пункттерінен шоғырлану аудандарына дейін апаруды және кері қайтаруды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді қабылдаушы Тарап келген құралымдармен бірлесіп жүзеге асырады.

9-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) мұддесіндегі әскери тасымалдар 2015 жылғы 15 қыркүйектегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің әскери және басқа да құралымдарды, олардың жылжымалы мүлкін, сондай-ақ әскери мақсаттағы өнімді тасымалдау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге және 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің қүштері мен құралдары құралымдарының мәртебесі туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымға мүше мемлекеттердің темір жолдары желісіндегі негізгі (басым) теміржол бағыттарын техникалық бүркемелеу 2003 жылғы 28 сәуірдегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің темір жолдарын техникалық бүркемелеудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптар аумақтарындағы әскери автомобиль жолдарын техникалық бүркемелеуді және қалпына келтіруді Тараптар дербес жүзеге асырады.

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық қүштері) қолданылатын аудандарда қабылдаушы Тараптың аумағындағы автомобиль жолдарын техникалық бүркемелеуге және қалпына келтіруге жіберуші Тараптардың қүштері мен құралдары қосымша тартылуы мүмкін.

11-бап

ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық қүштерін) коммуналдық-пайдаланушылық қамтамасыз етуді қабылдаушы Тараптың коммуналдық-пайдаланушылық қутіп ұстau бөлімшелері, қажет болған кезде - қабылдаушы Тараптың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

Қабылдаушы Тараптың ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) құралымдарына электр энергиясын, суды беру, оларға коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету тәртібі 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің қүштері мен құралдары құралымдарының мәртебесі туралы келісімде айқындалады.

12-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының қолданылуын техникалық қамтамасыз етуді ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының қолбасшылығы, Тараптардың мұдделі министрліктері мен ведомстволары ұйымдастырады және ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының құрамына Тараптар бөлген техникалық қамтамасыз ету күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады.

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын өз күштерімен техникалық қамтамасыз ету қын болған жағдайларда, ол басқа Тараптардың материалдық ресурстары есебінен, ұсынылған материалдық құралдар мен көрсетілетін қызметтер үшін кейіннен өзара есеп айырысу жүргізіле отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптар арасында өзара есеп айырысуды қамтамасыз ету және жүргізу тәртібі олардың арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде айқындалады.

Іsten шықкан қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы қалпына келтіруде көмек көрсету үшін қабылдаушы Тарам ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтары қолбасшылығының қарамағына қосымша техникалық қамтамасыз ету күштері мен құралдарын бөле алады.

13-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының қолданылуын тылдық қамтамасыз етуді ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарының қолбасшылығы ұйымдастырады және Тараптар ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтары құрамына бөлген тылдық қамтамасыз ету күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады. ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын өз күштерімен тылдық қамтамасыз ету қын болған жағдайларда, ол ҰҚШҰ-ға басқа мүше мемлекеттердің ресурстары есебінен кейіннен өзара есеп айырыса отырып, жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптар арасында өзара есеп айырысуды қамтамасыз ету және жүргізу тәртібі олардың арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде айқындалады.

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарын тылдық қамтамасыз ету мұддесінде қабылдаушы Тарап топтар қолбасшылығының қарамағына қосымша күштер мен құралдар бөле алады.

14-бап

Топтарды өрістету және қолдану барысында ҰҚШҰ әскерлерін (Ұжымдық күштерін) медициналық қамтамасыз етуді жіберуші Тараптар қабылдаушы Тараптың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдарымен (денсаулық сақтау ұйымдарымен) өзара іс-қимыл жасай отырып, құралымдардың штаттық күштері мен медициналық қызметінің құралдарын пайдалана отырып, ал осы өнірде Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдары)

болмаған кезде ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдар (денсаулық сақтау ұйымдары) ұйымдастырады.

15-бап

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) құралымдарының жараланғандары мен науқастарына медициналық көмек көрсету және оларды емдеу үшін Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық бөлімшелері мен медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдары), ал Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдары) болмаған кезде – ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдар (денсаулық сақтау ұйымдары) пайдаланылады.

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) топтарын өрістету және қолдану барысында жараланғандар мен науқастарға қабылдаушы Тараптың медициналық ұйымдарында медициналық көмек көрсету және оларды емдеу өтеусіз негізде (қабылдаушы Тараптың қаражаты есебінен) Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық бөлімшелерінде және медициналық ұйымдарында (денсаулық сақтау ұйымдарында), ал осы өнірде Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдары) болмаған кезде – ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдарда (денсаулық сақтау ұйымдарында) көрсетіледі.

Жараланғандар мен науқастар ұлттық құралымдарға тиесілігіне қарамастан Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдарына (денсаулық сақтау ұйымдарына), ал осы өнірде Тараптардың қорғаныс ведомстволарының медициналық ұйымдары (денсаулық сақтау ұйымдары) болмаған кезде – ведомстволық тиесілігіне қарамастан медициналық ұйымдарға (денсаулық сақтау ұйымдарына) қабылданады.

ҰҚШҰ әскерлері (Ұжымдық күштері) жеке құрамының жараланғандары мен ауырғандарын медициналық эвакуациялау жіберуші Тараптар құралымдарының күштерімен және құралдарымен, сондай-ақ қажет болған кезде қабылдаушы Тараптың күшейту құралдарымен жүзеге асырылады.

Жараланғандар мен науқастарды жіберуші Тараптың аумағына медициналық эвакуациялауды жіберуші Тараптың күштері мен құралдары жүзеге асырады.

Медициналық көмек көрсетудің және медициналық эвакуациялаудың өзге тәртібі әрбір нақты жағдайда Тараптардың келісімі бойынша белгіленуі мүмкін.

16-бап

Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жіберуші Тараптар құралымдары медициналық қызметінің штаттық күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады, сондай-ақ қабылдаушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес

қабылдаушы Тараптың санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау үйымдары және (немесе) мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын үйымдары жүзеге асырады.

17-бап

ҰҚШҰ өскерлерін (Ұжымдық күштерін) қайта топтастыру барысында емдеу-эвакуациялау іс-шараларын, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жіберуші Тараптар құралымдарының медициналық қызметінің штаттық күштері мен құралдары транзиттік және қабылдаушы Тараптың қорғаныс ведомстволарының медициналық үйымдарымен (денсаулық сақтау үйымдарымен) өзара іс-қимыл жасай отырып, ал осы өнірде Тараптарда қорғаныс ведомстволарының медициналық үйымдары (денсаулық сақтау үйымдары) болмаған кезде - ведомстволық тиесілігіне қарамастан, медициналық үйымдар (денсаулық сақтау үйымдары) жүзеге асырады.

Жараланғандар мен науқастар, қажет болған кезде, жүру маршруты бойынша транзиттік және қабылдаушы Тараптардың медициналық үйымдарына эвакуацияланады.

18-бап

Тараптар материалдық құралдардың өскери (кемінде 7 тәулік) және жедел (кемінде 30 тәулік) қорларын алдын ала жинақтауды үйымдастырады және оларды ҰҚШҰ өскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) құралымдарын қайта топтастыруды қамтамасыз етуге арналған құрамаларда, өскери бөлімдерде, арнайы мақсаттағы күштердің құралымдарында, арсеналдарда, сақтау базалары мен қоймаларында, әуеайлақтарда, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервте Тараптар белгілеген нормаларға сәйкес өздерінің ұлттық құралымдарын қамтамасыз ету есебінен өз ресурстары есебінен үстайды.

ҰҚШҰ өскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) құралымдары үшін материалдық құралдардың жедел қорлары Тараптардың бірінің аумағында Тараптар арасындағы уағдаластықтарда белгіленген тәртіппен ұсталуы мүмкін.

19-бап

Материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді басқару органдарын даярлау, сондай-ақ материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету күштері мен құралдарын қолдануға даярлау ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының басқару органдары мен құралымдарының жедел және

жауынгерлік даярлығының бірлескен іс-шаралары және мақсаты бойынша құралымдарды даярлаудың ұлттық жоспарларында көзделген іс-шаралар барысында жүзеге асырылады.

20-бап

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) жедел және жауынгерлік даярлығының бірлескен іс-шараларын материалдық-техникалық қамтамасыз ету осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

ҰҚШҰ әскерлерінің (Ұжымдық қүштерінің) жедел және жауынгерлік даярлығының бірлескен іс-шараларын медициналық қамтамасыз ету қабылдаушы Тараптың ұлттық заннамасына сәйкес не Тараптар арасында қол жеткізілген уағдаластықтар бойынша жүзеге асырылады.

21-бап

Осы Келісімді іске асыру барысында құпия ақпаратты беруді, пайдалануды және қорғауды Тараптар 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге сәйкес жүзеге асырады.

22-бап

Осы Келісім 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

23-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді.

24-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Осындағы консультациялар мен келіссөздер кезінде Тараптар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады.

25-бап

Осы Келісім оның құшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап құшіне енеді.

Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама тапсырылған күннен бастап құшіне енеді.

Әрбір Тарап Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған барлық міндеттемелерді реттей отырып, шыққанға дейін кемінде 6 ай бұрын депозитарийге жазбаша хабарлау арқылы өзінің Келісімнен шығу ниеті туралы мәлімдей алады.

2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қыргыз Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Көшірме дұрыс:

ҰҚШҰ Хатшылығы

Күкіктық болімінің бастығы

К. Голуб

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге сәйкес аударылғанын раставмын

**ҚР ҚМ Халықаралық
ынтымақтастық департаментінің
бастығы**
полковник О. Хұсайынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкіктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК